Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Қызметтерді сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазатомөнеркәсіп" ҰАК " АҚ, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , тұлғасында екінші тараптан бірлесіп «Тараптар», ал жоғарыда көрсетілгендей жеке-жеке «Тарап» деп аталатындар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы тікелей немесе жанама түрде «Самұрық-Қазына» АҚ-ға меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тиесілі заңды тұлғалардың сатып алуларын жүзеге асыру тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы Қызметтерді сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі –Шарт) жасасты және төмендегідей келісімге келді. Орындаушы осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі екендігін; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулардың жоқ екендігін; • осы Шартқа қол қоймас бұрын өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалап, сәйкестендіргенін; • осы Шарттың орындалуына әсер ететін Тәртіппен танысты және Тәртіп нормаларымен келісетінін растайды. Егер сатып алынатын Қызметтер Тәртіптің 10-1-тармағының реттелуіне жататын болса, Тапсырыс беруші өнім берушінің/бірлесіп орындаушының Тәртіптің 61-бабы 10-1-тармағында көзделген міндеттемелерді орындауына тұрақты негізде мониторингті жүзеге асырады.

1. Шарттың мәні

1.1. Орындаушы Шарттың (бұдан әрі - Қызметтер) талаптарына сәйкес қызметтер көрсетуге міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда, осы Шарттың талаптарында қызметтерді қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.2. Орындаушы екі Тараптың уәкілетті өкілдері осы Шартқа қол қойған күннен бастап осы Шарт бойынша Қызметтер көрсетуге кірісуге міндетті.

1.3. Осы Шарт бойынша Қызметтерді көрсетудің жалпы мерзімі осы Шартқа № 1, № 2 қосымшаларға сәйкес «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үшін мерзімді баспасөз басылымдарына жазылу бойынша Тапсырыс берушінің Өтініміне сәйкес 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап 2027 жылғы 31 желтоқсанға дейін.

1.4. Ел ішіндегі құндылығы бойынша Есепті ұсыну және Орындаушы ЭШФ Ақпараттық жүйесінен (бұдан әрі - ЭШФ АЖ) электрондық шот-фактураны ұсынған жағдайда тиісті ай үшін көрсетілген Қызметтер актісіне екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойғаннан кейін Орындаушы толық және тиісті түрде көрсеткен болып саналады.

1.5. Осы Шартта төменде санамаланған терминдер мынадай түсіндірілетін болады:

1.5.1. Шарт-Тапсырыс беруші мен орындаушы арасында қол жеткізілген, жазбаша нысанда тіркелген және Тараптар оған барлық қосымшалармен және толықтырулармен, сондай-ақ осы Шартта сілтемелері бар барлық қажетті құжаттамамен қол қойған осы келісімді білдіреді.

1.5.2. Осы Шарттың жалпы сомасы - осы Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толық және тиісінше орындағаны үшін Өнім берушіге осы Шарт бойынша төленуге тиіс соманы білдіреді.

1.5.3. Қызметтер - осы Шартқа № 1, № 2 қосымшаларда көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес және осы Шарттың талаптарына сәйкес Орындаушы Тапсырыс берушіге көрсететін мерзімді баспасөз басылымдарына жазылу (жылдық жазылу) жөніндегі қызметтерді білдіреді.

1.5.4. Кемшіліктер - ақауды, ақауларды, кемшіліктерді, зақымдануларды, сәйкессіздіктерді қоса алғанда, осы Шарттың талаптарын бұза отырып жеткізілген Тауар немесе Тауардың бір бөлігі.

1.5.5. Өндірістік қауіпсіздік - еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі саласындағы процестерді қамтитын басқару жүйесі.

1.5.6. Көрсетілген қызметтер актісі-екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған көрсетілген қызметтердің тоқсан сайынғы/ түпкілікті актісі, атап айтқанда ЭШФ АЖ-да қол қойылған көрсетілген қызметтердің электрондық актісі және / немесе осы Шартқа №4 қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша жасалған, қағаз жеткізгіште қол қойылған көрсетілген қызметтер актісі, ал сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ Электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі (ЭСАЖ 2.0) арқылы көрсетілетін қызметтердің электрондық актісі. Көрсетілген қызметтердің барлық көрсетілген актілеріне бір күнде қол қойылуы тиіс. Егер көрсетілген қызметтердің осындай актілеріне әртүрлі күндерде қол қойылған жағдайда, Тапсырыс берушінің ЭШФ АЖ-да көрсетілген қызметтердің актісіне қол қойған күні, ЭШФ АЖ-да болмаған жағдайда-қағаз жеткізгіште қызметтер көрсету күні болып есептеледі.

1.5.7. Ақпараттық қауіпсіздік-ақпаратты жинау, өңдеу және сақтау процесінде оның құпиялылығын, тұтастығын және санкцияланған қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған әкімшілік-құқықтық, ұйымдастырушылық-өкімдік және техникалық шаралар кешені.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

1.5.8. Көрсетілген қызметтердің нәтижелерін жеткізу орны-Астана қаласы, Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 17/12 ғимарат.

1.5.9. Өтінім – 2027 жылға «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үшін басылымның атауы, жиынтықтардың саны, жазылудың түрі және басылымның кезеңділігі көрсетілген мерзімді баспасөз басылымдарының тізбесі. Орындаушы бір жиынтықтың құны және барлық жиынтықтардың құны туралы ақпаратты Өтінімде көрсетеді, оның қол қойылған нұсқасын осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге ұсынуға міндетті.

2. Шарт сомасы және төлем шарттары

2.1. Осы Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ құрайды және Шарттың талаптарын тиісінше орындау үшін қажетті барлық шығыстарды қамтиды және Шарт пен Тәртіпте көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шартқа № 1 қосымшада көрсетілген.

2.3. Шарт бойынша ақы төлеу:

2.3.1. Орындаушы тиісті ай үшін толық және тиісті түрде көрсеткен Қызметтерге ақы төлеуді Тапсырыс беруші осы Шарттың 2.5-тармағына сәйкес осы Шарттың 17-бөлімінде көрсетілген Орындаушының банктік шотына ақша аудару жолымен жүзеге асырады.

2.4. Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы деп осы Шартта белгіленген тиісті сапада, толық көлемде және мерзімде Қызметтер көрсету түсініледі.

2.5. Көрсетілген қызметтер үшін төлем, оның ішінде Шарт бойынша түпкілікті есеп айырысу, Тараптар Көрсетілген қызметтер актісіне (бұдан әрі – Акт) қол қойған және мынадай құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүзеге асырылады:

2.5.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген Қызметтердің барлық көлеміне елішілік құндылықты есептеу (Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге электрондық сатып алуды жүргізуді қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – Веб-портал) ұсынылады);

2.5.2. тиісті Өтінім үшін ҚҚС бөлінген жеке жолмен ЭШФ АЖ порталы арқылы жазып берілген электрондық шот-фактураны;

2.5.3. екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған тиісті айдағы көрсетілген Қызметтер актісі;

2.5.4. Отчет об исполнении услуг по подписке и доставке

2.6. Орындаушы көрсетілген қызметтердің актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Веб-порталда Көрсетілген қызметтердің актісіне (актілеріне) электронды түрде қол қоюға жол беріледі. Заңға сәйкес рәсімделген және қол қойылған Көрсетілген қызметтердің актісі (актілері) Орындаушымен Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жіберіледі. Веб-порталда электрондық түрде Қызметтерді қабылдап алу-тапсыру актісін (актілерін) қалыптастыруға және оған қол қоюға жол беріледі.

2.7. Осы Шарттың 2.6-тармағында көрсетілген көрсетілген Қызметтер актісінен басқа, Тараптар міндетті түрде ЭШФ АЖ-де (немесе өзге ақпараттық жүйеде) немесе қағаз тасымалдағышта көрсетілген Қызметтер актісіне қол қояды.

2.8. Тапсырыс беруші тарапынан Қызметтер көрсетудің сапасы/мерзімдері/көлемдері бойынша наразылық туындаған жағдайда, ақы төлеу Орындаушы наразылық мәселелері бойынша түпкілікті жауап бергеннен және электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жіберілген анықталған кемшіліктерді жойғаннан кейін жүргізілетін болады.

2.9. Тапсырыс беруші Орындаушының төлем құжаттарының топтамасын уақтылы ұсынбауымен байланысты төлемді кешіктіргені үшін жауапты болмайды.

2.10. Осы Шартқа № 2 қосымшада көрсетілген Қызметтер бірлігінің бағасы осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде ұлғайтуға жатпайды.

2.11. Егер нақты көрсетілген Қызметтердің құны осы Шарттың жалпы сомасына жетпеген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден Қызметтердің қалған көлеміне өтінімдерді және тиісінше осы Шарт бойынша қалған соманы төлеуді талап етуге құқығы жоқ.

3. Қызмет көрсету мерзімдері мен шарттары

3.1. Орындаушы Қызметтерді осы Шарттың талаптарына және осы Шартқа № 1, № 2 қосымшаларға сәйкес мерзімдерде көрсетуге міндетті.

3.2. Осы Шартқа № 4 қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша ЭШФ ақпараттық жүйесі арқылы немесе қағаз тасығышта Тапсырыс берушінің көрсетілген Қызметтер актісіне қол қойған күні Орындаушының Қызметтерді тиісінше көрсеткен күні болып есептеледі.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.1. Орындаушы:

4.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтерді көрсетуге;

4.1.2. Тапсырыс берушіге көрсетілетін қызметтерге құжаттарды Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға, оның ішінде:

4.1.2.1. Шарт аясында электрондық құжат нысанында көрсетілген қызметтердің барлық көлеміне (санына) Шарттағы елішілік құндылықты есептеуді (Веб-порталда ұсынылады) Шартта көзделген мерзімдерде және шарттарда ұсынуға; Көрсетілген қызметтердің түпкілікті актісімен бірге ұсынылады.

4.1.3. Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің саны мен сапасы бойынша Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктерді жоюға;

4.1.4. Тендерлік өтінім құрамында мәлімделген жабдықпен, техникамен (техникалық құрылғылармен), ғимараттармен (құрылыстармен), үй-жайлармен, бағдарламалық қамтамасыз етумен білікті мамандармен қызметтер көрсетуге;

4.1.5. Қызметтерді көрсету кезінде Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарын ұстануға;

4.1.6. Орындаушының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы және ішкі нормативтік құжаттар саласындағы және аталған бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамауы нәтижесінде туындайтын ықтимал оқиғалар, авариялар, жазатайым оқиғалар, қоршаған ортаның ластануы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Тапсырыс беруші мен мемлекеттік органдар алдында толық жауапкешілікті көтеруге;

4.1.7. Тапсырыс берушінің объектісінде және (немесе) аумағында қызмет көрсету кезінде авариялар, жазатайым оқиғаларға, қоршаған ортаның ластануына әкеп соғуы және (немесе) әкеп соқтыруы мүмкін барлық мән-жайлар туралы Тапсырыс берушіге дереу ескертуге;

4.1.8. Тапсырыс беруші және (немесе) уәкілетті органдар белгілеген мерзімдерде Тапсырыс беруші немесе өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттары саласындағы уәкілетті органдар анықтаған кемшіліктерді өз есебінен жоюға;

4.1.9. Тапсырыс берушінің және (немесе) уәкілетті органдардың өкілдеріне өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігінің, еңбекті және қоршаған ортаны қорғаудың және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласының жай-күйін тексеру үшін Тапсырыс берушінің объектілерінде және (немесе) аумағында орналасқан қызметтер көрсету орындарына қолжетімділікті қамтамасыз етуге;

4.1.10. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Шарттың мәні бойынша бекітілген нысан бойынша тиісті айға көрсетілген Қызметтердің актісі бойынша көрсетілген Қызметтердің нәтижесін тапсыруға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шот-фактура жазып беруге.

4.1.11. Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша көрсетілетін (көрсетілген) Қызметтер туралы нақты және толық ақпарат беруге.

4.1.12. Осы Шарт бойынша Қызметтердің кездейсоқ қымбаттау тәуекелін көтеруге.

4.1.13. Тапсырыс берушіні және одан Қызметтерді көрсету тәсілі туралы оның нұсқауларын орындаудың Тапсырыс беруші үшін қолайсыз болуы мүмкін салдарлары анықталған кезде Қызметтерді көрсету барысын тоқтата тұруға жазбаша нұсқаулар алғанға дейін дереу ескертуге.

4.1.14. Тапсырыс берушіге Орындаушы көрсететін Қызметтердің сапасына қауіп төндіретін не осы Шарттың 1.2, 1.3-тармақтарында көрсетілген мерзімде/мерзімде Қызметтер көрсетудің мүмкін еместігін туғызатын барлық, өзіне байланысты емес мән-жайлар туралы дереу ескертуге.

4.1.15. Тапсырыс беруші анықтаған кемшіліктер (кемшіліктер, ақаулар) Тараптар келіскен мерзімде өз есебінен жоюға.

4.1.16. Егер мұндай нұсқаулар осы Шарттың талаптарына қайшы келмесе, Қызметтерді көрсету барысында алынған Тапсырысшының нұсқауларын орындауға.

4.1.17. Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша барлық кепілдіктер мен растауларды бұзу нәтижесінде, сондай-ақ басқа да заңсыз іс-әрекеттерді қоса алғанда, осы Шарттың талаптарын тиісінше орындамаудан туындаған келтірілген залалдарды өтеуге.

4.1.18. Қызметтерді көрсету кезінде пайдалану үшін Тапсырыс беруші ұсынған материалдарды, оның ішінде қағаз және электрондық жеткізгіштерде қайтаруды қамтамасыз ету.

4.1.19. Мемлекеттік бақылаушы органдар Тапсырыс берушіге Орындаушының қызметі нәтижесінде болған ықтимал оқиғалар үшін

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

айыппұл санкцияларын ұсынған жағдайда, келтірілген залал салдарынан төлемдер үшін материалдық жауапкершілікте болады.

4.1.20. Қазақстан Республикасының заңнамасына және ақпараттық қауіпсіздік, өндірістік қауіпсіздік саласындағы, оның ішінде еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі және Тапсырыс берушінің ақпараттық және өндірістік қауіпсіздігі жөніндегі ішкі нормативтік құжаттар саласындағы регламенттеуші құжаттарға сәйкес Қызметтер көрсетуді қамтамасыз етуге.

4.1.21. Тапсырыс берушімен келісім бойынша осы Шарт бойынша Қызметтер көрсету тәсілдерін айқындауға.

4.1.22. Определять способы оказания Услуг по настоящему Договору по согласованию с Заказчиком.

4.1.23. Орындаушының және оның қызметкерлерінің Тапсырыс берушінің, оның қызметкерлерінің және үшінші тұлғалардың мүліктік немесе мүліктік емес игіліктері мен құқықтарына заңсыз әрекеттерінен (әрекетсіздігінен) келтірілген зиян (мүліктік және (немесе) мүліктік емес) үшін жауапты болуға.

4.1.24. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге осы Шартқа № 5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша толтырылған Қарсы агенттің сауалнамасын ұсынуға.

4.1.25. Ақпараттық және өндірістік қауіпсіздік, оның ішінде Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтау еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және радиациялық және ядролық қауіпсіздік, қауіпсіздігіне, тасымалдау процесінің қауіпсіздігіне және ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі ішкі құжаттарға, Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздігі және жұмыскерлерінің еңбегі мен денсаулығын қорғау, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ тобында ақпараттық технологияларды басқару жөніндегі корпоративтік стандарттың қолданылатын талаптарын сақтауға.

4.1.26. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Жеткізушілер мен мердігерлер кодексінің (осы Шартқа № 6 қосымша) талаптарын сақтауға.

4.1.27. Осы Шарттың 15.4-тармағында көзделген кепілдіктерді сақтауға/орындауға.

4.1.28. Осы Шарт Тараптардың келісімі бойынша Тапсырыс беруші осы Шарттың 15.2 және/немесе 15.4-тармақтарында көрсетілген фактілерді/ақпаратты анықтаған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде бұзуға.

4.1.29. Осы Шартқа қол қойылғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге әрбір басылым бойынша бір жиынтықтың құны және барлық жиынтықтардың құны, сондай-ақ қорытынды құны туралы ақпаратты көрсете отырып, «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ үшін баспа мерзімді басылымдарына 2027 жылға толтырылған және қол қойылған Өтінімді ұсынуға.

4.1.30. Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша өзара есеп айырысулар бойынша салыстыру актілеріне қол қоюға.

4.1.31. Осы Шарттың, Тәртіптің және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерінде көзделген және туындайтын, Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындауы үшін қажетті өзге де міндеттерді орындауға міндеттенеді.

4.2. Орындаушы:

4.2.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді талап етуге.

4.2.2. Тапсырыс берушіден Қызметтерді уақтылы қабылдауды және Көрсетілген қызметтердің актілеріне қол қоюды талап етуге;

4.2.3. Тапсырыс берушімен жазбаша келісім бойынша тендерлік өтінім құрамында мәлімделген мамандарды, жабдықтарды, техниканы (техникалық құрылғыларды), үй-жайларды, бағдарламалық қамтылымды баламалы етіп ауыстыруға;

4.2.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртіппен және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға;

4.2.5. Тендерлік өтінім құрамындағы тендер кезеңінде Орындаушы көрсеткен бірлесіп орындаушыларға жиынтығында Қызметтер (тендер тәсілімен сатып алуды жүзеге асыру кезінде) көлемінің (құнының) ¼ - ден аспайтын көлемін бірлесіп орындаушыларға ұсынуға;

4.2.6. Қызметтерді көрсету басталғанға дейін Тапсырыс берушіден өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы ақпаратпен танысуды талап етуге;

4.3. Тапсырыс беруші:

4.3.1. Шарт талаптарына сәйкес Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдауға;

4.3.2. Орындаушыдан алған күннен бастап шағымдар болмаған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде Көрсетілген қызметтер актісіне

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қол қоюға;

4.3.3. Шарттың талаптарына сәйкес төлемді (төлемдерді) жүзеге асыруға;

4.3.4. Орындаушыдан жазбаша сұрау салуды алған күннен бастап 2 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Орындаушының өкілдерін өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарымен қол қою арқылы таныстыруға, сондай-ақ өмірге және (немесе) өмірге адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қауіпті өндірістік объектілер, жабдықтар және (немесе) Тапсырыс берушінің аумақтары туралы хабардар етуге;

4.3.5. Кез келген уақытта Орындаушы көрсететін қызметтердің барысы мен сапасын ақпараттық және өндірістік қауіпсіздік талаптарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі және Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздігі жөніндегі ішкі нормативтік құжаттар саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігін тексеруге.

4.3.6. Кез келген уақытта Орындаушы көрсететін қызметтердің барысы мен сапасын ақпараттық және өндірістік қауіпсіздік талаптарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі және Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздігі жөніндегі ішкі нормативтік құжаттар саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігін тексеруге.

4.4. Тапсырыс беруші:

4.4.1. Орындаушыдан Шартпен қарастырылған Қызметті тиісті сапада және мөлшерде алуға;

4.4.2. Шарттың құнын тиісінше төмендете отырып, Шарт талаптарына сәйкес келмейтін Қызметтің кез-келген бөлігінен бас тартуға;

4.4.3. Шартты бұзу және (немесе) ҚР заңнамасында, тәртіппен және (немесе) шартта көзделген негіздер бойынша және тәртіппен Шартты орындаудан бас тартуға; Тапсырыс беруші Орындаушының қызметтердегі елішілік құндылықты болжамды есептеуді ұсынуын талап етуге құқылы емес.

4.4.4. Кез келген уақытта Орындаушының қызметіне араласпай, Орындаушы көрсететін Қызметтердің барысын, сапасы мен толықтығын, оның ішінде өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыруға, тексеруге;

4.4.5. Орындаушыдан Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бұзушылықтарды жою туралы Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда есептелген айыппұлдар сомасын өндіріп алуға құқылы.

4.4.6. Осы Шартта және оған Қосымшаларда көрсетілген Қызметтерді сапалы және уақтылы көрсетуді талап етуге.

4.4.7. Көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді жоюды талап ету.

4.4.8. Егер Орындаушы көрсетілген Қызметтердегі кемшіліктерді, шарттық міндеттемелердің талаптарын жою жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаса, бұзушылықтар жойылғанға дейін Қызметтерді тұтастай немесе оның бір бөлігін көрсетуді тоқтату туралы өкім беруге.

4.4.9. Орындаушы осы Шарттың 1.2-тармағында немесе Тапсырыс берушінің Өтінімінде көрсетілген мерзім ішінде Қызметтер көрсетуге кіріспесе және/немесе Қызметтерді соншалықты баяу көрсетсе, оларды осы Шарттың 1.3-тармақтарында және Тапсырыс берушінің Өтінімінде белгіленген мерзімде аяқтау анық мүмкін болмай қалса, осы Шартты орындаудан бас тартуға және Орындаушыдан залалдарды өтеуді талап етуге.

4.4.10. Орындаушы Қызметтер көрсету кезінде кемшіліктерді (ақауларды, кемшіліктерді) жоймаған жағдайда, сондай-ақ Қызметтер көрсету кезінде Орындаушы Қызметтерді тиісті түрде көрсетпейтіні анық болса, осы Шартты орындаудан бас тартады, сондай-ақ залалдарды өтеуді талап етуге.

4.4.11. Орындаушы осы Шарттың 4.1-тармағының 4.1.27 және/немесе 4.1.28) тармақшаларында, сондай-ақ осы Шарттың 15.3 және/немесе 15.4-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда осы Шарттың 8-бөліміне сәйкес осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға.

4.4.12. Орындаушы осы Шарттың 4.1-тармағының 4.1.27 және/немесе 4.1.28) тармақшаларында, сондай-ақ осы Шарттың 15.3 және/немесе 15.4-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындамаған жағдайда осы Шарттың 8-бөліміне сәйкес осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартуға.

4.4.13. Орындаушы осы Шарттың талаптарына сәйкес өзіне алған міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған жағдайда есептелген өсімпұлдар (айыппұлдар) сомасын өндіріп алуға.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

4.4.14. Кез келген уақытта Орындаушы көрсететін қызметтердің барысы мен сапасын ақпараттық және өндірістік қауіпсіздік талаптарына, оның ішінде Қазақстан Республикасының Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау, радиациялық және ядролық қауіпсіздік, электр қауіпсіздігі, тасымалдау процесінің қауіпсіздігі және Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздігі жөніндегі ішкі нормативтік құжаттар саласындағы нормативтік құқықтық актілеріне сәйкестігін тексеруге.

4.4.15. Адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаның ластануына қатер төндіретін жағдайларда Тапсырыс берушінің объектілерінде Орындаушыға Қызметтер көрсетуді тоқтата тұру немесе оған тыйым салу. Бұл ретте, Орындаушы осы Шарттың мерзімдеріне сәйкес Қызметтерді уақтылы көрсетуге жауапты болады.

4.4.16. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шартқа № 5 қосымшаға сәйкес нысан бойынша контрагенттің толтырылған сауалнамасын ұсынбаған жағдайда, осы Шартты орындаудан бас тартуға.

4.4.17. Осы Шарттың және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелерінде көзделген және туындайтын өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

4.5. Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағаннан кейін Тараптар осы Шарт бойынша Тараптардың өзара талаптарының жоқтығы туралы салыстырып тексеру актісіне қол қоюға міндеттенеді.

5. Қызметтерді тапсыру және қабылдау тәртібі

5.1. Орындаушы Қызметтер көрсету аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге осы Шарттың талаптарына сәйкес тиісті ай үшін көрсетілген Қызметтер актісін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген шот-фактураны және осы Шарттың 2.5-тармағында көрсетілген өзге де құжаттарды есепті айдан кейінгі айдың 3-і күнінен кешіктірмей қол қою үшін жібереді.

5.2. Тапсырыс беруші Орындаушымен бірлесіп көрсетілген Қызметтердің сапасын тексеруді жүзеге асырады және 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген Қызметтер актісі бойынша қабылдайды және осындай актіге қол қояды не дәлелді негіздемелерін көрсете отырып, көрсетілген мерзімде Қызметтерді қабылдаудан жазбаша бас тартады.

5.3. Тапсырыс беруші көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді анықтаған кезде, сондай-ақ егер қызмет көрсету процесінде Орындаушы осы Шарттың талаптарынан ауытқуға жол берсе, Тапсырыс беруші Орындаушыны анықталған кемшіліктер туралы жазбаша нысанда хабардар етеді, ал Орындаушы күнтізбелік 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетілген барлық кемшіліктерді өтеусіз жоюға міндетті. Бар кемшіліктер және/немесе келіспеушіліктер жойылғаннан кейін екі Тараптың уәкілетті өкілдері осы Шарт бойынша көрсетілген қызметтер актісіне қол қояды.

5.4. Көрсетілген Қызметтерді қабылдау рәсімі Тапсырыс берушінің талаптарын қанағаттандыратын нәтиже алынған сәтке дейін қайталанады. Мұндай жағдайда Қызметтер кемшіліктер жойылғаннан кейін көрсетілген Қызметтердің тиісті актісіне қол қойылған күннен бастап көрсетілген болып есептеледі, ал Тапсырыс берушінің осы Шарт бойынша Қызметтерге ақы төлеу жөніндегі міндеттемелерінің басталуы осындай рәсімнің мерзіміне ұзартылады. Орындаушы көрсетілген Қызметтердің кемшіліктерін жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырыс беруші Қызметтердің құнын төлемеуге құқылы.

5.5. Егер кемшіліктер осы Шарттың 5.3-тармағында көрсетілген мерзімдерде жойылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші осы Шартта көзделген санкцияларды біржақты тәртіппен қолдануға, осы Шартты орындаудан бас тартуға және орындаушыдан осындай бұзуға байланысты залалдар мен шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы.

5.6. Орындаушы көрсеткен қызметтерді қабылдағаннан кейін осы Шарттан ауытқуларды және/немесе қабылдаудың әдеттегі тәсілі кезінде белгіленуі мүмкін емес өзге де кемшіліктерді (шалағайларды, ақауларды), жасырын кемшіліктерді (шалағайларды, ақауларды), оның ішінде Орындаушы қасақана жасырған кемшіліктерді тапқан Тапсырыс беруші Орындаушыны жазбаша нысанда хабардар етеді, ал Орындаушы 10 (он) күнтізбелік күн ішінде барлық көрсетілген кемшіліктерді өтеусіз жоюға міндетті. Бұл ретте Орындаушы осы Шартқа және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осындай ауытқулар /кемшіліктер үшін жауапты болады.

6. Кепілдіктер және Сапа

6.1. Орындаушы Тапсырыс берушінің белгіленген талаптарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасында қолданыстағы көрсетілген қызмет түрлері бойынша тиісті саланың аймағы бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында мемлекеттік стандарттарға/белгіленген талаптарға сәйкес келетін көрсетілген қызметтердің сапасына кепілдік береді.

6.2. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін тиісті тәжірибесі мен біліктілігі бар екеніне кепілдік береді. Орындаушы осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Техникалық ерекшеліктің (осы Шартқа № 2 қосымша) Қызметтерінің қателерін, кемшіліктерін және басқа да сәйкессіздіктерін өтеусіз түзетуге кепілдік береді.

6.3. Орындаушы Тапсырыс берушіге осы Шарт бойынша Қызметтер көрсету үшін тиісті тәжірибесі мен біліктілігі бар екеніне, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Шартты жасасу және тиісінше орындау үшін барлық қажетті құқықтарға, өкілеттіктерге, лицензиялар мен рұқсаттарға ие екеніне кепілдік береді.

7. Тараптардың жауапкершілігі

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

7.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

7.2. Орындаушының жауапкершілігі:

7.2.1. Қызметтердің мемлекетішілік құнын есептеу шартының талаптарына сәйкес ұсынылмаған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ Шарт сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді.

7.2.2. Орындаушы Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының және (немесе) көрсетілген бағыттар бойынша Тапсырыс берушінің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын сақтамаған және (немесе) анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі Тапсырыс берушінің талаптарын орындамаған жағдайда Орындаушы әрбір анықталған сәйкессіздік үшін Шарттың жалпы құнының 10%-нан аспайтын, бірақ Шарт сомасының 0,1%-ы мөлшердегі тұрақсыздық түріндегі жауапкершілікті мойнына алады.

7.2.3. Орындаушы сатып алынатын тауардың тауар өндірушілерінен және сатып алынатын тауар бойынша жаңа өндірістер құру жөніндегі жобаны іске асыратын ұйымдардан Жұмыстарды орындау үшін қажетті тауарларды сатып алу жөніндегі міндеттемелерді белгіленген тәртіппен орындамаған жағдайда, Орындаушы орындалған жұмыстардың/көрсетілген қызметтердің қабылданғанын-берілгенін растайтын тиісті (түпкілікті) актіге тараптар қол қойғанға дейін жұмыстарды/көрсетілетін қызметтерді беруші төлеуге тиіс немесе Тапсырыс беруші ұстап қалуы мүмкін, міндеттеме бұзыла отырып сатып алынған тауардың жалпы құнының 20% мөлшерінде айыппұл түрінде міндеттемені орындамағаны үшін жауапты болады;

7.2.4. Орындаушы осы Шартта айтылған Қызметтерді көрсету мерзімдерін негізсіз кешіктірген жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін уақтылы көрсетілмеген Қызметтер құнының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын өсімпұл төлеу.

7.2.5. Орындаушы осы Шарттың талаптарына сәйкес анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін осы Шарт сомасының 0,1% мөлшерінде өсімпұл төлейді, бірақ осы Шарттың жалпы сомасының 10% - нан аспайды.

7.2.6. Осы Шарттың талаптарына сәйкес контрагенттің сауалнамасы уақтылы ұсынылмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан осы Шарт сомасының 5% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.3. Орындаушы осы Шарт бойынша төленуі тиіс сомадан осы Шарт бойынша Орындаушының өз міндеттемелерін орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тапсырыс берушіге тиесілі өсімпұл (айыппұлдар) сомасын Тапсырыс берушінің ұстап қалуына келіседі.

7.4. Осы Шарттың 11-бөлімінде көзделген жағдайлардан басқа, Орындаушы осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан бас тартқан немесе мүмкін болмаған жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан осы Шарттың Жалпы сомасының 10% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы.

7.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

7.5.1. Осы Шарт бойынша төлемдер кешіктірілген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік кешіктірілген күн үшін осы Шарттың Жалпы сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын өсімпұл төлеуі тиіс.

7.5.2. Тапсырыс беруші Көрсетілген қызметтер актісіне қол қоюды негізсіз кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыға әрбір күнтізбелік күн үшін Көрсетілген қызметтер актісі сомасының 0,1% -ы мөлшерінде, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10% -ынан аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

7.6. Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші «Самұрық-Қазына» АҚ-ның сенімсіз әлеуетті өнім берушілер (өнім берушілер) тізбесіне Орындаушы туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

7.7. Тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеу Тараптарды осы Шартпен қарастырылған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

7.8. Өсімпұлды және/немесе айыппұлды төлеу жөніндегі міндеттемелер кінәлі Тарапта екінші Тараптан өсімпұлды және/немесе айыппұлды төлеу туралы жазбаша талап алған күннен бастап туындайды. Мұндай жазбаша талап болмаған кезде кінәлі Тарапта өсімпұл және/немесе айыппұл төлеу бойынша міндеттемелер туындамайды. Осы тармақтың күші осы Шарттың 7.2-тармағының 7.2.1-тармақшасында көзделген жауапкершілікке қолданылмайды.

7.9. Егер Орындаушы Тапсырыс берушіге Қызметтер сапасын нашарлататын осы Шарттың талаптарынан ауытқумен немесе өзге де кемшіліктермен Қызметтер көрсеткен жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан өз таңдауы бойынша: 7.9.1. Орындаушы көрсеткен Қызметтердің кемшіліктері Тапсырыс беруші белгілеген мерзімде өтеусіз жоюды; 7.9.2. осы Шартта белгіленген Қызметтер құнының мөлшерлес азайтуды; 7.9.3. осы Шарттың Жалпы сомасының 10% -ы мөлшерінде айыппұл төлеуді; 7.9.4. егер Тапсырыс беруші

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

кемшіліктерді өз күшімен жоюды шешсе, көрсетілген қызметтердегі кемшіліктерді жоюға Тапсырыс берушінің шығыстарын өтеуді талап етуге құқылы.

7.10. Орындаушы осы Шарттың 14-бөлімінің талаптарын бұзған жағдайда, Орындаушы құпия ақпаратты ашуға байланысты Тапсырыс берушіге келтірілген залалды өтеуге, сондай-ақ құпия ақпаратты ашудың әрбір заңсыз жағдайында 20% мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді.

7.11. Қосалқы мердігерлер (бірлесіп орындаушы) Тапсырыс берушімен алдын ала келісусіз тартылған немесе бұл Орындаушының тендерлік өтінімінде көзделмеген жағдайда, Тапсырыс беруші Орындаушыдан осы Шарттың Жалпы сомасының 20% мөлшерінде айыппұл төлеуді талап етуге құқылы. Мұндай жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушінің жазбаша келісімінсіз тартылған бірлесіп орындаушыны/оны Қызметтерді көрсетуден шеттетуге міндетті.

7.12. Орындаушы Тапсырыс берушінің алдында осы Шарттың талаптарына сәйкес бірлесіп орындаушыларға берілген Қызметтерді көрсетпегені/тиісінше көрсетпегені және бірлесіп орындаушылардың осы Шарттың 13 және 14-бөлімдерінің талаптарын сақтамағаны үшін жауапты болады.

7.13. Тараптар (Тараптар) осы Шарт бойынша құжаттамамен расталған өз міндеттемелерін орындауда және/немесе болжамды орындауда Тараптардың бірінің байқаусызда әрекет етуіне және/немесе жіберіп алуына байланысты екінші Тарап келтірген және/немесе шеккен барлық шығындарға, талаптарға қатысты залалдарды өтеуге кепілдік беретініне уағдаласты.

8. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

8.1. Осы Шартқа өзгерістер мен толықтыруларды енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады

8.2. Жобаға не Сатып алу туралы жасалған шартқа өткізілетін (өткізілген) сатып алу талаптарының мазмұнын өзгерте алатын өзгерістерді және/немесе Тәртіптің тиісті тармағында(тарында) көзделмеген өзге де негіздер бойынша Орындаушыны таңдау үшін негіз болған ұсыныста енгізуге жол берілмейді.

8.3. Тапсырыс беруші шартты орындаудан біржақты тәртіппен мынадай жағдайларда ғана бас тартуға құқылы: 1) Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404 бабының 2 тармағында көзделген; 2) өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған кезде; 3) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың негізді орынсыздығына байланысты; 4) консультациялық қызметтерді сатып алу туралы шартты орындау барысында Тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің мүдделер қақтығысының болмауы туралы дұрыс емес ақпаратты және/немесе жалған мәліметтерді ұсынуын анықтаған. Бұл ретте Тапсырыс беруші Өнім берушінің сатып алу туралы шарттың талаптарына сәйкес залалдарды өтеуін талап етуге құқылы; 5) Тәртіптің 31-бабы 1-тармағында көрсетілген; 6) сатып алу туралы шарт тараптарының бірі Шарттың талаптарында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі міндеттемелерді бұзған кезде; 7) Тәртіпте анықталған басқа жағдайларда.

8.4. Сатып алуда «Самұрық-Қазына» АҚ құрылымдық бөлімшесі атынан Сатып алуды жүзеге асыру мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс берушінің Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуына жол берілмейді. Бұл жағдайда Шарт ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес Тараптардың өзара келісімі бойынша және Орындаушыға Шартты бұзу күніне оның нақты шеккен шығыстарын төлеу арқылы бұзылуы мүмкін.

8.5. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, Орындаушы Тапсырыс берушіден келтірілген залалдарды және Шарт талаптарын тиісінше орындамау салдарынан туындаған шығындарды, сондай-ақ қойылған өсімпұл мен айыппұл сомасын қаржылық өтеуді талап етуге құқығы бар.

8.6. Тапсырыс беруші осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Орындаушыға осы Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада осы Шартты бұзудың себебі көрсетілуі тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ осы Шартты бұзудың күшіне ену күні айтылуы тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты Шартты бұзған кезде Орындаушы нақты жұмсалған шығыстар үшін ғана төлем талап етуге құқылы. Орындаушының нақты шеккен шығыстары деп екі Тараптың уәкілетті өкілдері қол қойған көрсетілген қызметтердің актілерімен расталуға тиіс, осы Шарт бұзылған күнге дейін ол нақты көрсеткен қызметтердің құны түсініледі.

8.7. Орындаушы осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, бұл туралы Тапсырыс берушіні осы Шартты бұзудың болжамды күніне дейін 15 (он бес) күнтізбелік күн бұрын, Орындаушы тиісінше көрсеткен қызметтер үшін Тапсырыс берушінің кінәсінен төлем кешіктірілген жағдайда, күнтізбелік 30 (отыз) күннен артық жазбаша хабардар етеді.

8.8. Осы Шарттың 8.6, 8.7-тармақтарына сәйкес бір Тарап екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жібергеннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Тараптар осы Шарт бойынша орындаушы нақты көрсеткен қызметтер бойынша ақшалай есеп айырысулар жүргізеді.

8.9. Тапсырыс беруші осы Шарттың 8.3-тармағына сәйкес мерзімінен бұрын бұзған жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіден осы шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осы Шарттың 7-бөлімінде көзделген өсімпұлдарды (айыппұлдарды) өтеуге міндетті.

9. Хат-хабар

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

9.1. Егер Шарттың талаптары бойынша қандай да бір хат алмасуды жүргізу, хабарламаларды, нұсқаулықтарды, келісімдерді, бекітулерді, сертификаттарды немесе басқа біреудің шешімдерін ұсыну немесе шығару қажет болса және, егер басқаша айтылмаса, онда хат алмасудың осы түрі негізсіз бас тартусыз және кідіріссіз жазбаша нысанда жүзеге асырылады.

9.2. Осы Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат алмасу жөніндегі барлық құжаттарда Шарттың нөмірі бар Тараптардың деректемелері болуы тиіс.

9.3. Осы Шарттың талаптары бойынша кез келген хат-хабарлар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, мақұлдаулар, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа хабарламалар жазбаша нысанда орындалуы, алдын ала ұсынылуы және қолма-қол немесе пошта хабарламасы бар тапсырыс хатпен, факс немесе электрондық пошта арқылы тапсырылуы, содан кейін түпнұсқасы факс/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынылуы тиіс.

9.4. Курьерлік пошта, телекс, жеделхат немесе факс арқылы жіберілген кез келген хабарлама (ертерек алу растамасы болмаған жағдайда) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

9.5. Тапсырыс хатпен (авиа) жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе поштаның жеткізілгенін растайтын курьерлік қызметтің мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

10. Шарттың қолданылу мерзімі

10.1. Осы Шарт төменде көрсетілген оқиғалардың бірі басталған күннен бастап күшіне енеді, ол: а) екі Тараптың уәкілетті өкілдерінің осы Шартқа қол қойған күнінен; б) Тапсырыс берушінің уәкілетті органы осы Шартты жасасу туралы корпоративтік шешім қабылдаған күнінен; в) Орындаушының уәкілетті органы осы Шартты жасасу туралы корпоративтік шешім қабылдаған күнінен кеш басталады.

10.2. Осы Шарт Тараптар осы Шарт бойынша өзінің барлық міндеттемелерін толық және тиісінше орындағанға дейін қолданылады.

11. Еңсерілмейтін күш жағдайлары (Форс-мажор)

11.1. Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамағаны үшін, егер ол осы Шартты жасасқаннан кейін туындаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Осы бөлімнің мақсаттары үшін «еңсерілмейтін күш жағдайы» Тараптардың бақылауына бағынбайтын, күтпеген сипаты бар және Тараптардың осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен/әсер ететін оқиғаны білдіреді. Мұндай оқиғалар соғыс қимылдарын, табиғи немесе дүлей апаттарды, эпидемияны, пандемияны, карантинді, эмбаргоны және басқаларды қамтуы мүмкін, бірақ олармен шектелмейді.

11.2. Еңсерілмес күш жағдайлары туындаған кезде міндеттемелерді орындау мүмкін болмаған Тарап екінші Тарапқа осындай жағдайлар басталған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде форс-мажордың болжамды әрекет ету мерзімі туралы жазбаша түрде (хабарлама) хабарлауға, сондай-ақ құзыретті орган берген осындай жағдайлардың туындау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуға тиіс. Бұл ретте мұндай мән-жайларға тап болған Тарап осы Шартты орындаудың еңсерілмейтін күш мән-жайларына байланысты емес баламалы тәсілдерін барынша мақсатқа сай іздеуді жүргізеді.

11.3. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мүмкін еместігі туындаған Тараптың оны жауапкершіліктен босататын мән-жайлардың басталғаны туралы хабарламауы немесе уақтылы хабарламауы оны форс-мажорлық мән-жайлардың басталу фактісіне сілтеме жасау құқығынан айырады.

11.4. Егер форс-мажордың мән-жайлары қатарынан күнтізбелік 30 (отыз) күннен артық жалғасатын болса, онда Тараптардың әрқайсысы осы Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы болады, бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың ықтимал залалдарды өтеуге құқығы болмайды.

12. Дауларды шешу тәртібі

12.1. Осы Шарттан Тараптар арасында туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

12.2. Егер осындай келіссөздер нәтижесінде Тараптар осы Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселені Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Тапсырыс берушінің орналасқан жері бойынша сот тәртібімен шешуді талап ете алады.

12.3. Осы Шартпен реттелмеген барлық мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

13. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

13.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың жұмыскерлері қандай да бір заңсыз басымдықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлемейді, төлеуді ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

